



Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу бойынша нұсқау

(адымдық нұсқалық)

Алматы 2014

УДК 346
ББК 67.404
К18

Автор: Г.М. Кужукеева, Қазақстан бойынша Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығының құқықтық кеңесшісі.

Редакторлары: Н. Боржелли, Б.Ж. Айтимов, Г. М. Кужукеева.

Бұл басылым Халықаралық Коммерциялық емес Құқық Орталығымен серіктесе, «Азаматтық қоғам дамыту ассоциациясы «АРГО» іске асырып отырған «Аймақтық ынтымақтастық арқылы дамыту» Бағдарлама шектеуінде халықаралық дамыту жөніндегі АҚШ Агенттігі (USAID) жағынан демеудің арқасында, Халықаралық Коммерциялық емес Құқық Орталығымен дайындалған.

Бұл басылым халықаралық дамыту жөніндегі АҚШ Агенттігі (USAID) арқылы көрсеткен америка халқы көмегінің арқасында мүмкін болды. Халықаралық коммерциялық емес құқық орталығы, USAID немесе АҚШ Үкіметінің ұстанымын көрсетуге міндетті емес, басылым мазмұнына жауапты.

Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу жөніндегі нұсқау (адымдық нұсқаулық) – Алматы, Баспа «LEM», 2014 - 28 б.

ISBN 978-601-239-314-9

Алғы сөз

Бұл басылым Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес ұйымдарды (бұдан әрі - КЕҰ) тіркеу жөніндегі қысқаша нұсқаулық болып табылады. Басылымда негізгі басым коммерциялық емес ұйымдардың бастамашыл топтарды: (1) қоғамдық бірлестіктерді, (2) қорларды және (3) ассоциация (одақ) нұсқасындағы заңды тұлғалар бірлестіктерін, жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестіктерін немесе жеке кәсіпкерлер бірлестіктерін (бұдан әрі мәтін бойынша - ассоциациялар) тіркей алатын бастапқы ұйымдық-құқықтық нұсқалары жасалады.

КЕҰ-ды Қазақстанда құру және тіркеу жөніндегі мәселелер туралы жан-жақты ақпарат Халықаралық Коммерциялық емес Құқық Орталығымен (ICNL) дайындалып, орыс тілінде 2011 ж. басылып шығарылған, қазақ тілінде 2013 ж. шығарылған «Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық мәртебесі» атты кітабынан табуға болады.

Осы кітаптар, және ICNL басқа басылымдары Орталық Азиядағы «Аймақтық ынтымақтастық арқылы дамыту» (DRC) жобасы сайтындағы электронды баламасында қолжетерлік <http://cso-central.asia/>.

Одан басқа, Сіздер Қызылорда қ., Әуезов к., 20/16 мекен-жайында орналасқан «Бастаманы қолдау» ҚБ кеңсесіне өзіңіз барып немесе төлем ақысыз заңгерлік кеңестер алуға арналған +7(7242)263096 телефон арқылы хабарласуыңызға болады.

Берілген басылым Қазақстанда өзінің КЕҰ-ін тіркеуді шешкен, бірақ, әлі, оны қалай ұйымдастыруын білмейтін адамдар үшін жолсілтемесі болар деп сенеміз. Онымен қоса, берілген басылымда көрсетілген материалдар тек жалпы іскерлікке арналған, сондықтан заңгерлік кеңес ретінде қарастыруға болмайды. ICNL берілген басылымның нақтылығы және толықтығы үшін және оның мазмұнын біреу қолданғаны үшін жауапты емес. Бір шешімді қабылдаудың алдында оқырманның оған нақты қажет сұрағы бойынша кәсіби заңгерлік консультациялық кеңес алғаны жөн.

Сіздің жолдарыңыз болсын және ұйымыңызды тіркеудің барлық кезеңдерінен оңай өтуіңізді тілейміз!

1 қадам. КЕҰ құру туралы шешім қабылдау

Ол үшін қажет:

- 1) Сіздің тіркеуге жатқызғыңыз келіп отырған КЕҰ-ның ұйымдық-құқықтық нұсқасы бойынша заңмен қарастырылған азаматтар/ заңды тұлғалардың кем дегенде ең аз санын жинап алған жөн:
Қоғамдық бірлестік үшін – ҚР азаматтығы бар 10-нан кем емес азамат-бастамашылары;
Ассоциация нұсқасындағы заңды тұлғалар бірлестігі үшін – ең кемі 2 заңды тұлға/ жеке кәсіпкер немесе 1 заңды тұлға мен 1 жеке кәсіпкер;
Қор үшін – бір жеке тұлға немесе заңды тұлға;
- 2) құрылтай жиналысын өткізу немесе жеке өзінің шешімін қабылдау (құрылтайшы жалғыз болса)
- 3) КЕҰ құру туралы шешімді хаттамамен бекіту

Соның нәтижесінде келесідей құжаттарға қол қойылады:

- 1) **Құрылтай жиналысының хаттамасы** (Қосымша №1, Қосымша №3 қараңыз) немесе **құрылтайшы шешімі** (Қосымша №2 қараңыз) :
 - Қоғамдық бірлестік, ассоциация құрылтай жиналыстарының хаттамаларына төрағасы мен хатшысын қол қояды;
 - Құрылтай жиналысының хаттамасына барлық құрылтайшылар қол қояды (құрылтайшы жалғыз болған жағдайда, ол өз шешіміне өзі қол қояды);
- 2) **КЕҰ-ның құрылтай құжаттары:**
 - Қоғамдық бірлестіктің, ассоциацияның (одақтың) жарғыларына ұйымның бірінші қатардағы жетекшісі қол қояды;
 - Қордың жарғысына барлық құрылтайшылары қол қояды;
 - Қордың, ассоциацияның (одақтың) құрылтай келісімдеріне барлық құрылтайшылары қол қояды.

КЕҰ атауын таңдаған кезде ҚР заңында қарастырылған келесідей талаптар мен шектеулерді назарға алу қажет:

- 1) заң талаптарына немесе қоғамдық мораль нұсқаларына қайшылық жасайтын атауларды қолдануға рұқсат етілмейді;
- 2) тұлғалардың жеке аттарын пайдалануға, егер қатысушылардың аттарына сәйкес келмесе немесе қатысушылар ол тұлғалардан (олардың ұрпақтарынан) рұқсат алмаса, жеке атын қолдануға рұқсат етілмейді.
- 3) заңды тұлға атауы Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалар атауларын толық немесе мәнді бөлімшесінде қайталамауға тиіс.

Ұқсас атаулы заңды тұлға болуын тексеру үшін облыстық заңгерлік департаментіне жазбаша сұраныс хатын жіберу керек, немесе ҚР электронды үкіметінің сайт қызметі арқылы білу керек. Ол үшін www.egov.kz сайтына кіріңіз, одан соң, экранның жоғарғы оң жақ бұрышындағы «Войти» белгісін басыңыз, ашылған диалогтық терезеге Сізге электронды үкімет порталына тіркелген кезде берілген өз ЖСН нөміріңіз бен құпия сөзіңізді еңгізіңіз, Егер Сіз әлі тіркеліп үлгермесеңіз, нұсқаулықтарды басшылыққа алып, оны жасау өте оңай. «Бизнесу» белгісіне кіріңіз де, «Регистрация и развитие бизнеса» белгісін таңдаңыз. «Показать все услуги (12)» сілтемесіне басыңыз, «Государственная регистрация юридических лиц, учетная регистрация их филиалов и представительств» қызметін таңдаңыз, одан кейін, «Заказать услугу онлайнға» басыңыз, ««Государственная (учетная) регистрация юридического лица, филиала (представительства) для субъектов среднего и крупного предпринимательства» опциясын таңдаңыз, «Далее» басыңыз, онда «О государственной (учетной) регистрации юридического лица, филиала (представительства)» Өтінішінің нұсқасы шығады, оны толтыру қажет емес. «Полное наименование на русском языке» және «Полное наименование на казахском языке» жолдарын табу керек. Осы жолдарға өзіңіздің жаңа ұйымыңыздың толық атауын жақтаушасыз қазақ және орыс тілінде енгізіңіз, содан кейін курсорды басқа жолға ауыстырыңыз. Осы кезде заңгерлік тұлғалар Дерекқорында бар (ЗТ ДҚ) ұқсас атауларының барлығын автоматты іздестіру басталады. Заңгерлік тұлғалар Дерекқорында ұқсас атау бар болғанда, «**Указанное имя юридического лица не является уникальным**» хабарлама жанып шығады, ал, егер ондай атау табылмаса «**Проверка произведена успешно**» хабарламасы шығады. Бірақ, ешкім 100% кепілдік бере алмайды, себебі, бұл қызмет бизнес-ұйымдар үшін жасалған. Бүгінгі таңда заңгерлік органдарына жазбаша сұраныс хатын жібергеннен басқа коммерциялық емес ұйымдардың амалы жоқ.

Ескерту:

- атауды іздеу кезінде қосымша қазақша әріптермен жазылғанды тексеру қажет. белгілеп кету керек, www.egov.kz сайтынан заңды тұлғаның атауын тексерген кезде оның табылмауы мүмкін, сондай тіркеудің жоқтығынан, ал, тіркеуге берген сәтке қарай, осындай атауы бар заңды тұлғаның сіздің атауды тексеріп тіркеуге құжаттарды тапсыруыңыздың арасында тіркелген болып шығуы әбден мүмкін.

- 4) **қоғамдық бірлестіктің** толық немесе қысқартылған атауы және оның бейнелемесі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің, мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген қоғамдық бірлестіктердің және Қазақстан Республикасының заңын бұзғанына байланысты жойылған қоғамдық бірлестіктердің (ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңының 18 б.) бейнелемелерін және атауларын толық немесе мәнді бөлімшелерінде қайталамау керек.

2 қадам. КЕҰ тіркеу үшін құжаттар пакетін дайындау



Ұйымды құру туралы шешім қабылдап, тіркелген үшін алымды төлеп, КЕҰ-ны заңгерлік органында тіркеу үшін құжаттар пакетін ресімдеу қажет. КЕҰ-ның ұйымдық-құқықтық нұсқауына байланысты келесідей құжаттарды дайындау керек.

1) Қоғамдық бірлестік (ҚБ)

- **тіркеу туралы өтініш** – тіркеудің 1 данасы (ТҚО-дағы стендте немесе ғаламтор-ресурсында www.adilet.gov.kz үлгі);
- **жарғы**, құрылтай съезінде (конференциясында, жиналысында) қабылданған, тігілген және нөмірленген түрде қазақ және орыс тілдерінде – әр тілде 3 дана (әдетте, қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі жарғы өзі бір құжат) болып табылады) болған қажет.
- **құрылтай съезінің** (конференциясының, жиналысының) төрағасымен және хатшысымен қол қойылған, жарғыны қабылдаған хаттамасы – 1 дана (№3 Қосымшаға қараңыз);
- **ҚБ азаматтар – бастамашылар тізімі** тектері, аттары, жөндері, туылған күндері, айлары, жылдары, жеке сәйкестендірілген нөмірлері (ЖСН), тұратын жерлері, үй және қызмет телефондары көрсетілген, жеке қолдарымен бірге – 1 дана; (№ 9 Қосымшаға қараңыз);
- **түбіршек** немесе басқа құжат, ҚБ-ны мемлекеттік тіркеу және бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу үшін алым бюджетіне төленгенін растайтын – 1 дана.
- **басқарушының жеке тұлғасын куәландыратын құжат көшірмесі** (ЖСН)



- ✓ заңгерлік органдарына ҚБ-ны тіркеу туралы өтінішті беру уақытының мерзімі – құрылған күнінен бастап 2 ай (ҚБ-ның құрылған күні – құрылтай жиналысының өткен күні болып саналады);
- ✓ заңгерлік органдарына құжаттарды тапсыру алдында бірінші қатардағы басқарушыны сайлау керек және оның сайланғаны туралы хаттама жасалуы керек;
- ✓ өтініште -бастамашы- азаматтар туралы ақпаратты, олардың мекен-жайлары мен телефондарын көрсету керек;
- ✓ әр азаматтың жеке куәліктерінің (немесе төлқұжаттарының) көшірмелерін, ал, 2013 ж. 1 қаңтарынан бастап ЖСН тапсыру керек, онымен қоса, құжаттардың мерзімі өтіп кеткен болмау керек;
- ✓ тіркеу туралы өтініште ҚБ-ның бірінші басқарушысының АЖТ мен ЖСН-ін көрсету керек;
- ✓ тіркеу күнінен бастап бір жыл өтпей, мәртебесін растау үшін осы ҚБ-ны тіркеген органға ҚБ-ның бөлімшелері мен өкілеттіктерінің аймақтық заңгерлік органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттар көшірмелерін тапсыру қажет.

2) Қор

- тіркеу туралы өтініш (тұрғындарға қызмет жасау орталығындағы стендте немесе ғаламтор -ресурсында www.adilet.gov.kz үлгі бар);
- жарғы, жалпы құрылтайшылар жиналысында қабылданған, тігілген және нөмірленген түрде қазақ және орыс тілдерінде – әр тілде 3 данадан (әдетте, қазақ және орыс тілдеріндегі жарғы бір құжат болып есептеледі).
- құрылтайшылық келісім-шарт (құрылтайшылардың саны біреуден асса);
- өкілетті органның жарғыны бекіткені туралы шешім;
- атқару органын тағайындағаны туралы алқалы басқару органның (қамқоршылар кеңесінің) шешімі (ескерту: шешім Қамқоршылар Кеңесінің отырыс хаттамасы ретінде ресімделеді (№4 Қосымшаға қараңыз) немесе оның үзінді көшірмесі ретінде);
- түбіршек немесе заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін және бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу үшін алым бюджетіне берешек төленгенін растайтын басқа құжат.
- басқарушының тұлғасын және қордың құрылтайшыларын (құрылтайшы заңды тұлға болған жағдайда - БСН) куәландыратын құжат көшірмесі (ЖСН).

3) Заңды тұлғалардың ассоциация (одақ) нұсқасындағы бірлестігі, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың бірлестігі, жеке кәсіпкерлердің бірлестігі (Ассоциация)

- тіркеу туралы өтініш (ТҚО стендінде немесе ғаламтор-ресурсінде www.adilet.gov.kz үлгісі бар);
- жарғы, жалпы құрылтайшылар жиналысында қабылданған, тігілген және нөмірленген түрде қазақ және орыс тілдерінде болу қажет – 3 дана;
- ассоциацияның барлық құрылтайшылары қол қойған құрылтайшылық келісім-шарт;
- заңды тұлғаның құрылғаны туралы өкілетті органның шешімі;
- түбіршек немесе ассоциацияны мемлекеттік тіркеу үшін және бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын басқа құжат.
- басқарушының тұлғасын және ассоциация құрылтайшыларын (құрылтайшы заңды тұлға болған жағдайда - БСН) куәландыратын құжат көшірмесі (ЖСН).

Ескерту: заңнамада КЕҰ жарғысын міндетті түрде нотариалдық куәландыру туралы талаптар қарастырылмаған, ол азаматтардың қарауына қарай. Ал, егер алғашқы жарғы нотариалды бекітілген болса, онда КЕҰ-дан солай келесі ондағы өзгерістерді де нотариалды куәландырып отыруды талап етуі мүмкін.

Тіркеу туралы өтінішке қол қойылады да Комитетке немесе ТҚО-ға құрылтайшымен (құрылтайшылармен) немесе оған өкілеттік еткен тұлғамен (өкілеттігі сенімхатпен ресімделген) тапсырылады. Сенімхат нотариалды куәландырылған болу керек.

3 қадам. КЕҰ тіркеген үшін алым төлеу



КЕҰ тіркеу үшін мемлекеттік алымды төлеу екінші деңгейдегі кез-келген банкте жасалады. Бірақ, әдетте, төлемақылар өтініш пен басқа КЕҰ-ны тіркеу үшін құжаттарды тапсыратын ТҚО-ның ғимараттарында орналасқан банктердің есеп айырысу-кассалық бөліміне төленеді. Құжаттарды тексергеннен кейін ТҚО маманы тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіршек жазып береді, онда төлемнің бағыты (БСК), төлем алушының деректемелері, сомасы және т.б. көрсетілген. КЕҰ басқарушысы (басқа өкілетті тұлға) осы түбіршекті және өзінің ЖСН бар жеке куәлігін көрсету керек.

Алым мөлшерлемесі «Салық және басқа міндетті төлемдер туралы» Кодекстің 456 бабында қарастырылған.

Коммерциялық емес ұйымдар түрлері	Мемлекеттік тіркеу үшін алым мөлшерлемесі (айлық есеп көрсеткіші - АЕК)
Қоғамдық балалық және жастар бірлестіктері, қоғамдық мүгедектер бірлестіктері, олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің бөлімшелері	2 АЕК
Бюджет қаражатынан қаржыландыратын мекемелер, қазыналық кәсіпорындар мен меншіктенушілер ғимараттарының кооперативтері (пәтерлердің), олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері	1 АЕК
Заңды тұлғаларды жасауды мемлекеттік тіркеу қарауындағы заңды тұлғалар (КЕҰ-ны қосып ала), олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері (шағын кәсіпкерліктің субъектілері, олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері және саяси партиялар, олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері болып табылатын заңды тұлғалар қосылмайды)	6,5 АЕК

Ескерту: – Айлық есептік көрсеткіш – зейнетақы, жәрдемақы және басқа а дәлеуметтік төлемдерді, және тағы, айыппұл шараларын қолдану, салықтық және басқа төлемдерді есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңнамада жыл сайын бекітіліп отыратын көрсеткіш (ҚР «2013-2015 жылдарға республикалық бюджет туралы» Заңнамасына сәйкес, 2013 жылдың 1 қаңтарынан бері 1731 теңгені құрайды).

4 қадам. ТҚО және басқа органдар арқылы заң органдарда КЕҰ тіркеу рәсімі

Заңгерлік органдарында КЕҰ-ны тіркеу кезінде басқа да қажетті нормативтік-құқықтық актілер:

- ✓ Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 17 сәуіріндегі № 2198 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және бөлімшелер мен өкілеттіктерді есептік тіркеу туралы» Заңы.
- ✓ 2007 жылдың 12 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының № 223-III ЗРК «Ұлттық сәйкестендірме нөмірлер тізілімі туралы» Заңы.
- ✓ Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2007 жылдың 12 сәуіріндегі № 112 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және бөлімшелер мен өкілеттіктерді есептік тіркеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.
- ✓ «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу туралы, заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарында енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды тіркеу туралы құжаттарын Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы ресімдеу» жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету стандарты (2012 жылдың 6 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1160 қаулысының 1 –ші Қосымшасы

КЕҰ-ны мемлекеттік тіркеуге нелер кіреді?

- мемлекеттік тіркеуге тапсырылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру;
- бизнес-сәйкестендірілген нөмірді (БСН) берумен қоса мемлекеттік тіркеу туралы анықтама¹ беру;
- Ұлттық бизнес-сәйкестендірілген нөмірлердің тізіліміне КЕҰ туралы мәліметтер енгізу.

¹ Бұл ҚР Үкіметімен орнатылған нұсқа бойынша тіркеу органымен берілетін заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін), бөлімшелерін (өкілеттіктерін) есептік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжат. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы анықтамаға оның берілген күні, тіркеген органы, бизнес-сәйкестендірілген нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)дасасы, заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері туралы мәліметтер кіргізілген. (1995 жылдың 17 сәуіріндегі ҚР № 2198 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу туралы» Заңнамасының 12 б.)

Мемлекеттік тіркеу қайда жүзеге асырылады?



Назар аудару: қазіргі таңда заңды тұлғаларды, олардың бөлімшелері мен өкілеттіктерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету жөніндегі Комитет және Халыққа қызмет қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы аймақтық әділет органдары жүзеге асырады. КЕҰ-ны тіркеуге құжаттарды КЕҰ-ның тұрақты әрекет ететін органы орналасқан ауданының ТҚО-сына тапсыру қажет.

➤ **ҚР Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету жөніндегі Комитет** (Астана қ.) (бұдан әрі – Комитет): республикалық және аймақтық мәртебелі қоғамдық және діни бірлестіктерін, халықаралық және шетелдік коммерциялық емес мемлекеттік емес бөлімшелерді және өкілеттіктерді мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді және жоюды тіркеуді) жүзеге асырады.

➤ **Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының Әділет Департаменттері** ХҚКО арқылы жергілікті мәртебелі қоғамдық және діни бірлестіктердің, қорлар мен заңды тұлғалар бірлестіктерінің мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін және жоюды тіркеуін), тиісті облыстағы және Астана мен Алматы қалаларындағы қоғамдық және діни бірлестіктердің бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептен шығаруды жүзеге асырады.

➤ **ҚР Әділет Министрлігінің аудандық (қалалық) Басқармалары** ХҚКО арқылы, құрылған, қайта ұйымдастырылған және жойылған КЕҰ-ны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеу мен жойылғанды тіркеуді), Комитетте тіркеуге жататындардан басқа тиісті облыстағы бөлімшелер мен өкілеттіктерді есептік тіркеуді (қайта тіркеуді және есептік тіркеуден шығаруды) жүзеге асырады.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы өтініші электронды құжат ретінде тіркеу органына Ғаламтор желісі арқылы да тапсырылуы мүмкін. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы өтініші толтырылып «электронды үкімет» веб-порталында (www.egov.kz) тапсырылады және электронды сандық қол қойылады. Тіркеу алымын төлеу «электронды үкіметтің» төлемді шлюзы арқылы жүзеге асырылады.

Шалғай елді мекендер тұрғындарына мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатымен ХҚКО -ның Мобилді орталықтары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету рұқсат етілген.

Жұмыс кестесі:

Комитеттің:

Комитетте жұма, демалыс және мереке күндерін қоспай, түс уақытында сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін үзілісі бар, күнде сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін құжаттарды қабылдауды қамтамасыз ететін кесте орнатылады. Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады;

ХҚКО -ның:

Құжаттарды қабылдау күндері, дүйсенбіден сенбіні қоса, демалыс және мереке күндерін есепке алмай, орталықтың бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін, үзіліссіз орталықтарда жүзеге асырылады. Қабылдау «электронды» кезек тәртібімен, алдың ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

Мобильді орталықтар құжаттарды қабылдауды орталықпен бекітілген кестеге сәйкес, бірақ, бір елді мекенде алты жұмыс сағатынан кем емес ауқытта жүзеге асырады;

Порталдар: тәулік бойы.

Мекен-жайына тіркеу туралы өтініш беру қажет ті тіркеу органын анықтап алғаннан кейін, Астанадағы Комитетке , болашақ КЕҰ орналасатын жердегі ХҚКО -ға немесе Мобилді орталыққа тапсырылатын қажетті құжаттардың толық тізімін жеткізу қажет.



Құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда Комитет, ХҚКО немесе Мобилді орталықтың маманы құжаттарды қабылдап өтініш берушіге қолхат береді.



Құжаттар пакеті толық болмаған жағдайда, Комитет, ХҚКО немесе Мобилді орталық маманы құжаттарды қабылдамайды және өтініш берушіге жетпейтін құжаттар көрсетілген қолхат береді. Ал тіркеу мерзімі басталмайды.

Осы саты келесідей тәртіп бойынша өтеді

1. Өтініш беруші операциялық залға «электронды кезекке» тұру үшін талон алады.
2. Операциялық залдың инспекторы өтініш берушіні электронды табло арқылы оның «электронды кезегі» тәртібімен шақырады.
3. Өтініш беруші инспекторға құжаттардың толық пакетін ұсынады.
4. Инспектор құжаттар тізімі бойынша барлық қажетті құжаттардың болуын тексереді.
5. Құжаттар пакетін қабылдаған инспектор өтініш берушіге мыналар көрсетілген қолхат береді:
 - o сұрау салудың қабылдау нөмірі мен датасы;
 - o сұрау салынған мемлекеттік қызметтің түрі;
 - o қосылған құжаттардың саны мен атаулары;
 - o құжаттарды беру датасы мен уақыты және орны;
 - o құжаттарды ресімдеуге өтініш қабылдаған ХҚКО инспекторының тегі, аты, жөні.

Құжаттар әділет органдарына түскеннен кейін тіркеу мерзімін созуы мүмкін. Негіздемелері:

- құжаттардың толық болмауы,
- құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажеттілігі,
- ҚР-дың заң шығару актілерімен қарастырылған басқа негіздемелер бойынша. Ол мерзім анықталған кемшіліктерді жойғанға дейін немесе тиісті қорытындыны (сараптаманы) алғанға дейін созылады.

ХҚКО-да мемлекеттік қызмет көрсету, дайын құжаттарды беру ХҚКО қызметкерімен «терезелер» арқылы, күнде қолхат негізінде, онда көрсетілген мерзімінде жүзеге асырылады

ХҚҚО немесе Мобилді орталық маманы қабылдаған құжаттар пакетін өкілетті органдарға жібереді. Құжаттарды қарастыру нәтижесінде келесідей шешімдердің бірі қабылданады.:



БСН берілуімен бірге КЕҰ-ны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру.



Ұсынылған құжаттардың ҚР заң шығару актісі талаптарына сәйкес еместігі туралы сілтемесі бар қағаз тасымалдауында КЕҰ-ны тіркеуден дәлелденген түрде бас тарту

Бас тарту үшін негіздеме:

- ҚР заң шығару актілерінде белгіленген КЕҰ-ны құру, қайта тіркеу және қайта ұйымдастыру тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының ҚР заңына сәйкес болмауы,
- актісін немесе бөліністік теңгерімін ұсынбау, немесе олардың ішінде қайта ұйымдастырылған КЕҰ-ның мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы,
- егер КЕҰ-ның заңды тұлғасы немесе жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) әрекеттенбейтін КЕҰ болып табылуы,
- егер КЕҰ құрылтайшысы және (немесе) басқарушысы болып табылатын жеке тұлға әрекеттенбейтін КЕҰ-ның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басқарушысы болса, және (немесе) қабілеті жоқ немесе қабілеті шектелгені танылса, және (немесе) белгісіз жоқтығы танылса, және (немесе) өлгені жарияланған болса, және (немесе) ҚР Қылмыстық кодекстің 192, 216 және 217 баптары бойынша қылмыс жасағаны үшін өтемеген немесе жойылмаған сотталуы бар болған жағдайы,
- жеке тұлғалылығын куәландыратын жоғалтылған және (немесе) қолданудағы емес құжаттар ұсынылған жағдайда,
- сот орындаушы және құқық қорғау органдарының сот актілері мен қаулыларының (тыйым салу, тұтқындау) бар болуы.



Мемлекеттік тіркеу мерзімдері

КЕҰ-ны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттардың қосымшаларымен бірге өтініш берген күннен кейінгі **он жұмыс күнінен асырмай** жасалуы керек (*еск.: көрсетілген мерзімге салық органдарында тіркелу мерзімі кірмейді*).

КЕҰ-ны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беруі, және жарғыны (қаулыны) қайтаруы қажетті құжаттардың қосымшаларымен бірге өтініш өткізілген күннен бастап **он төрт жұмыс күнінен асырмай** жасалуы керек.

КЕҰ көрсетілген мерзімде қызмет нәтижесін сұрап келмеген жағдайда, орталық олардың **бір ай** сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін әділет органдарына өткізеді.

5 қадам. Ұйымның мөрін жасау



КЕҰ-дың өз атауы бар мөрі болу керек. Мөрді жасау үшін тиісті ұйымдардың талабы бойынша құжаттар тізімін ұсына, тиісті қызмет көрсететін кез-келген жеке ұйымға баруға болады. Әдетте, ол келесідей құжаттардан тұрады:

- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы анықтама;
- КЕҰ бірінші басқарушысының, құрылтайшысының немесе сенімді тұлғаның жеке куәлігі (түпнұсқа және көшірмесі);
- егер мөрді сенімді тұлға алатын болса, онда мөрді алуға сенімхат болғаны жөн;
- егер құрылтайшының өзі келсе, онда Жарғы түпнұсқасы.

Кейбір ұйымдарда мөрді ғаламтор арқылы тапсыруға болады, ол үшін ұйымның сайтындағы өтінішті толтырып және қажетті құжаттарды тіркеу керек

6 қадам. Қолдардың үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттарды ресімдеу тәртібі

Мөрі бар КЕҰ, олардың бөлімшелері мен өкілеттіктері банкке бірінші және екінші қолдар үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар, қазақ және орыс тілдерінде ресімделген құжаттарды өткізеді (8 Қосымшаға қараңыз).

Қолдардың үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттарда **бірінші қол құқығына басқарушы** және/немесе онымен өкілеттелген басқа тұлға ие. **Екінші қол құқығы** бас бухгалтерге және/немесе онымен өкілеттелген басқа тұлғаға беріледі.

Осы өкілеттіктер мыналар негізінде беріледі:

- құрылтай құжаттарының,
- КЕҰ, бөлімшелері, өкілеттіктері басқарушылары бұйрықтарының негіздерінде немесе
- осындай өкілеттіктер берілгені туралы басқа құжаттардың негізінде.

Егер КЕҰ, бөлімшелер немесе өкілеттіктер штатында екінші қол құқығы берілетін тұлға жоқ болса, банкпен тек бірінші қол үлгісі бар құжат қабылданады, ол туралы берілген құжатта тиісті жазу жасалады.

Қол үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттарда КЕҰ-ның, КЕҰ бөлімшелері мен өкілеттіктерінің мөрлерінің баспа-таңбалары бар болу керек.

Банк қолдар үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттарға енгізілген тұлғалар қолдарының нотариалды куәландыруын талап етуге құқысы бар. Нотариустары жоқ елді мекендерде қолдардың үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттарға енгізген тұлғалардың қолдарын жергілікті атқару і органы куәландырады. Қолдардың үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттарды куәландыруды банктің өкілетті тұлғасы да жасай алады.

Есеп-шот ашу үшін клиенттің беретін, қолдардың үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар құжаттары даналарының қажетті саны банкпен анықталады (әдетте ол 2-3 дана).

КЕҰ-ның өзімен бірге бірінші және екінші қол құқығы бар тұлғалардың жеке куәліктерінің көшірмелері болу керек.

(2000 жылдың 2 маусымдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының №266 «Қазақстан Республикасы банктерінде клиенттердің банктік есеп-шоттарын ашу, жүргізу және жабу Ережелерін бекіту туралы» Қаулысын қараңыз)

7 қадам. Банкте есеп-шот ашу

Банктің талабы бойынша банктік есеп-шот ашу үшін КЕҰ және олардың оқшау бөлімшелері (филиалдары мен өкілеттіктері) әдетте ұсынады:



- ✓ Ережелерге сәйкес ресімделген қолдардың үлгілері мен мөрдiң баспа-таңбасы бар құжаттарды;
 - ✓ КЕҰ-ның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), бөлімшелері мен өкілеттіктерінің есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама көшірмесін;
 - ✓ нотариалды куәландырылған жарғы көшірмесін (оқшау бөлімшелер үшін - Ережелерді) немесе үлгілік жарғы негізіндегі клиент қызметінің деректерін дәлелдейтін құжатты;
- ✓ қолдар үлгілері мен мөрдiң баспа-таңбасы бар құжаттарға сәйкес клиенттің банктік есеп-шотын жүргізуге байланысты (банктік есеп-шоттағы қаражатқа билік ету) операциялар жасаған кезде төлем құжаттарына қол қоюға өкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке куәліктерінің көшірмесін;
 - ✓ (қоғамдық және діни бірлестіктердің бөлімшелері мен өкілеттіктері үшін) қоғамдық және діни бірлестіктің жарғысымен және олардың бөлімшесі мен өкілеттігі туралы ережесімен қарастырылған тәртіптері бойынша сайланған (тағайындалған) қоғамдық және діни бірлестік басқарушысының өкілеттігін растайтын нотариалды куәландырылған орыс және/немесе мемлекеттік тілдердегі құжаттарды;
 - ✓ бөлімшесінің немесе өкілеттіктің басқарушысына КЕҰ берген сенімхат көшірмесін (ерекшелік: ҚБ бөлімшелері мен өкілеттіктеріне қатысы жоқ);

Ескерту:

Банктен есеп-шот ашу КЕҰ үшін құқығы болып табылады, міндеті емес. Негізі, КЕҰ банктік есеп-шотсыз жұмыс істей алады, ал, іс жүзінде төлемді қолма-қол ақшасыз жүргізу және алу ыңғайлылау болып табылады.

Егер ұйымның қаржылық құжаттарына қол қою құқығы тек директорда ғана болмаса, ал онда қосымша тұлғаның лауазымға тағайындалғаны туралы және оған қаржылық құжаттарға қол қоюға құқық берілгені туралы бұйрық ұсынылады.

КЕҰ, оның құрылымдық бөлімшесімен банктік есеп-шотын ашқан күннен кейігі бір жұмыс күннен асырмай, банктер хабарламаларды кепілдікті жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы жіберумен тиісті салықтық қызмет органдарына сәйкестендірілген нөмірін көрсете, берілген есеп-шоттың ашылғаны туралы хабардар етеді.

Техникалық проблемаларына байланысты осындай электронды арналар арқылы көрсетілген есеп-шотты ашқаны туралы хабарламаны жіберу мүмкін болмаған жағдайда, хабарлама үш жұмыс күн ішінде салық төлеушінің орналасқан (тұратын) жеріндегі салық органына қағаз тасымалдаушы арқылы жіберіледі.

Образцы и примеры документов

Қосымша № 1



Үлгі

ХАТТАМА № 1 ҚҚ ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ « _____ »

Алматы қ. « ____ » _____ 20__ г.

Қордың атауы: Қоғамдық қор « _____ » (бұдан әрі - Қор)

Өткізілген жері: Алматы қ., _____ к., үй ____.

Қордың құрылтайшылары қатысты:

1. А.Ж.Т.

2. А.Ж.Т.

3. А.Ж.Т.

Жиналыстың төрағасы ретінде АЖТ сайланды.

Жиналыстың хатшысы ретінде АЖТ сайланды

Төрағалық етуші Құрылтай жиналысында қатысушыларға Қордың барлық Құрылтайшылары қатысып отырғанын хабарлады.

Төрағалық етуші келесідей күн тәртібін ұсынды:

Күн тәртібі:

1. Қорды құру туралы.

2. Қор әрекетінің басты бағыттарын белгілеу.

3. Қор жарғысын бекіту туралы.

4. Құрылтай келісім-шартын жасау туралы.

5. Қордың Қамқоршылар кеңесін қалыптастыру туралы.

6. ҚР Әділет органдарында Қорды тіркеу туралы.

7. Қордың заңды мекен-жайы туралы.

ҚАБЫЛДАНДЫ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: күн тәртібін алу.

1. Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, Қорды бекіту туралы шешім қабылдауды ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Қоғамдық Қорды « _____ » құру.

2. Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, Қор әрекетінің басты бағыттарын белгілеуді ұсынды да, әрекеттің келесідей бағыттарын талқылауға салды:

-

-

-

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Қор әрекетінің басты бағыттарын мыналар деп санау:

-

-

-

3. Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, құрылтай жиналысына талқылауға салынған Қор жарғысын бекітуді ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Қор жарғысын бекіту

4. Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, құрылтай келісім-шартын жасауды ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Құрылтай келісім-шартын жасау

5. Күн тәртібінің бесінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, Қордың Қамқоршылар Кеңесін келесідей құрамда қалыптастыруды ұсынды:

- 1) А.Ж.Т.
- 2) А.Ж.Т.
- 3) А.Ж.Т.
- 4) А.Ж.Т.
- 5) А.Ж.Т.

ДАУЫС БЕРІЛДІ ізім бойыншат: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Қордың Қамқоршылар Кеңесін келесідей құрамда қалыптастыру:

- 1) А.Ж.Т.
- 2) А.Ж.Т.
- 3) А.Ж.Т.
- 4) А.Ж.Т.
- 5) А.Ж.Т.

6. Күн тәртібінің алтыншы сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, ҚР Әділет органдарында Қорды тіркеуден өткізуді ұсынды. А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде өкілетті Қор өкілі етіп тағайындауды және оған Қорды әділет органдарында тіркеуді тапсыруды ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ:

- 1) ҚР заңгерлік органдарында Қорды тіркеуден өткізу.
- 2) А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде өкілетті Қор өкілі етіп тағайындау және оған Қорды әділет органдарында тіркеуді тапсыру.

7. Күн тәртібінің жетінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші Қордың орналасатын жерін келесідей мекен-жайы бойынша белгілеуді ұсынды: Қазақстан Республикасы, _____

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Қордың орналасатын жерін келесідей мекен-жайы бойынша белгілеу: Қазақстан Республикасы, _____

Құрылтай жиналысы келесідей ШЕШІМДЕР қабылдады:

1. Қоғамдық Қорды « _____ » құруды.
2. Қор әрекетінің басты бағыттарын : _____ деп санауды.
3. Қордың жарғысын бекітуді.
4. Құрылтай келісім-шартын жасауды.
5. Қордың Қамқоршылар Кеңесін келесідей құрамда қалыптастыруды: А.Ж.Т., А.Ж.Т., А.Ж.Т., А.Ж.Т., А.Ж.Т.
6. ҚР Әділет органдарында Қорды тіркеуден өткізуді.
7. А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде өкілетті Қор өкілі етіп тағайындауды және оған Қорды Әділет органдарында тіркеуді тапсыруды.
8. Қордың орналасатын жерін келесідей мекен-жайы бойынша белгілеуді: Қазақстан Республикасы, _____

Осымен Жиналыс жабылды.

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

- А.Ж.Т.
- А.Ж.Т.
- А.Ж.Т.

Қосымша № 2



Үлгі

ҚҰРЫЛТАЙШЫНЫҢ (ұйым атауы) № ШЕШІМІ

Қала _____ « ___ » _____ 20__ ж.

Мен, А.Ж.Т. - құрылтайшы (ұйым атауы)

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚ « _____ » құрылсын;
2. Қор әрекетінің басты бағыттары _____ саналсын;
3. Қор Жарғысы бекітілсін;
4. Қордың Қамқоршылар Кеңесі келесідей құрамда қалыптастырылсын: А.Ж.Т., А.Ж.Т., А.Ж.Т., А.Ж.Т., А.Ж.Т.;
- ;
5. ҚР Әділет органдарында Қорды тіркеу өткізілсін;
6. А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде өкілетті Қор өкілі етіп тағайындалсын және оған Қорды Әділет органдарында тіркеу тапсырылсын.;
7. Қордың орналасатын жері келесідей мекен-жайы бойынша белгіленсін: Қазақстан Республикасы, _____
Құрылтайшы А.Ж.Т. _____

қолы

Қосымша № 3



Үлгі

ХАТТАМА № 1

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТІ ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ « _____ »

Алматы қ. « __ » _____ 20__ ж.

ҚР азаматтары болып табылатын бастамашы азаматтар қатысты:

1. АЖТ
2. АЖТ.
3. АЖТ
4. АЖТ
5. АЖТ
6. АЖТ
7. АЖТ
8. АЖТ
9. АЖТ
10. АЖТ

Бірлестіктің атауы: Қоғамдық бірлестік « _____ » (бұдан әрі - Бірлестік)

Өткізу орны: _____

Жиналыс Төрағасы ретінде АЖТ сайланды.

Жиналыс Хатшысы ретінде АЖТ сайланды.

Төрағалық етуші Құрылтай жиналысындағы қатысушыларға Бірлестіктің барлық бастамашы азаматтары қатысып отырғанын хабарлады.

Төрағалық етуші келесідей күн тәртібін ұсынды:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бірлестікті құру туралы шешім қабылдау.
2. Бірлестіктің жарғысын қабылдау.
3. Бірлестіктің басқару органдарын қалыптастыру.
4. ҚРӘділет органдарында тіркеу туралы. Тіркеу үдерісінде Бірлестікті өкілетті өкіл ететін тұлғаларды тағайындау.
5. Бірлестіктің орналасатын жерін белгілеу туралы.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Күн тәртібін бекіту.

1. Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, Бірлестікті құру шешімін қабылдауды ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Қоғамдық Бірлестікті « _____ » құру.

2. Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, Бірлестіктің құрылтай жиналысына ұсынылған Бірлестік жарғысын қабылдауды ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Бірлестіктің жарғысын қабылдау.

3. Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша Төрағалық етуші сөз сөйледі, Бірлестіктің басқару органдарын келесідей түрде қалыптастыруды ұсынды:

1) Бірлестік басқаруының атқару орган қызметін Бірлестік Директоры жеке дара жүзеге асыратынын белгілеуді.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Бірлестік басқаруының атқару орган қызметін Бірлестік Директоры жеке дара жүзеге асыратынын белгілеу.

2) Бірлестіктің Директоры ретінде АЖТ және Бірлестік Директорының орынбасары ретінде – АЖТ сайлауды және тағайындауды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Бірлестіктің Директоры ретінде АЖТ және Бірлестік Директорының орынбасары ретінде – АЖТ сайлау және тағайындау.

3) Бірлестіктің бақылау органын (тексеру комиссиясын) үш адам құрамында қалыптастыруды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Бірлестіктің бақылау органын (тексеру комиссиясын) үш адам құрамында қалыптастыру.

4) Тексеру комиссиясының құрамына мыналарды сайлауды: АЖТ, АЖТ, АЖТ.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Тексеру комиссиясының құрамына мыналарды сайлау: АЖТ, АЖТ, АЖТ.

4. Төрағалық етуші ҚР Әділет органдарында Бірлестікті тіркеуден өткізуді ұсынды. А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде Бірлестіктің өкілетті өкілі етуге тағайындауды, оған Бірлестіктің құрылтай құжаттарына қол қоюды тапсыруды және Бірлестікті Әділет органдарында тіркеуді тапсыруды ұсынды.

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ:

1) ҚР Әділет органдарында Бірлестікті тіркеуден өткізу.

2) А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде Бірлестіктің өкілетті өкілі етіп тағайындау, оған Бірлестіктің құрылтай құжаттарына қол қоюды тапсыру және Бірлестікті Әділет органдарында тіркеуді тапсыру.

5. Төрағалық етуші Бірлестіктің орналасқан жерін келесідей мекен-жайы бойынша белгілеуді ұсынды: Қазақстан Республикасы, _____

ДАУЫС БЕРІЛДІ: бір ауыздан

ШЕШІЛДІ: Бірлестіктің орналасқан жерін келесідей мекен-жайы бойынша белгілеу: Қазақстан Республикасы, _____

Бірлестіктің құрылтай жиналысы келесідей ШЕШІМДЕР қабылдады:

1. Қоғамдық Бірлестікті « ____ » құру;

2. Бірлестіктің жарғысын қабылдау;

3. Бірлестік басқаруының атқару орган қызметін Бірлестік Директоры жеке дара жүзеге асыратынын белгілеу;

4. Бірлестіктің Директоры ретінде АЖТ және Бірлестік Директорының орынбасары ретінде – АЖТ сайлау және тағайындау;

5. Бірлестіктің бақылау органын - тексеру комиссиясын – үш адам құрамында қалыптастыру;

6. Тексеру комиссиясының құрамына мыналарды сайлау: АЖТ, АЖТ, АЖТ;

7. ҚР Әділет органдарында Бірлестікті тіркеуден өткізу;

8. А.Ж.Т. тіркеу үдерісінде Бірлестіктің өкілетті өкілі етіп тағайындау, оған Бірлестіктің құрылтай құжаттарына қол қоюды тапсыру және Бірлестікті Әділет органдарында тіркеуді тапсыру;

9. Бірлестіктің орналасқан жерін келесідей мекен-жайы бойынша белгілеу: Қазақстан Республикасы, _____

Осымен Жиналыс жабылды.

Жиналыс Төрағасы АЖТ

Жиналыс Хатшысы АЖТ

Қосымша № 4



Үлгі

ХАТТАМА № 1 ҚОҒАМДЫҚ ҚОРДЫҢ ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ « _____ »

Алматы қ.

« ____ » _____ 20__ ж.

Қордың толық атауы: Қоғамдық Қор « _____ »

Қордың орналасқан жері: Алматы қ., _____ к., үй ____.

Отырыс өткізілген жер: Алматы қ., _____ к., үй ____.

Қордың Қамқоршылар Кеңесінің мүшелері қатысты:

1. АЖТ
2. АЖТ
3. АЖТ
4. АЖТ
5. АЖТ

Қордың Қамқоршылар Кеңесінің Төрағасы ретінде – АЖТ сайланды.

Қордың Қамқоршылар Кеңесі Төрағасының орынбасары ретінде – АЖТ сайланды.

Қордың Қамқоршылар Кеңесінің Хатшысы ретінде – АЖТ сайланды.

Күн тәртібі:

1. Қор Директорын тағайындау туралы.

Күн тәртібінің сұрағы бойынша Төраға сөз сөйледі, Қордың Директоры лауазымына АЖТ азаматты тағайындауды ұсынды.

ҚАБЫЛДАНЫ: бір ауыздан.

ШЕШІЛДІ:

АЖТ Қордың Директоры лауазымына тағайындау.

Қамқоршылар Кеңесінің Төрағасы (АЖТ) _____

Қамқоршылар Кеңесі Төрағасының орынбасары (АЖТ) _____

Қамқоршылар Кеңесінің Хатшысы (АЖТ) _____

Қамқоршылар Кеңесінің мүшесі (АЖТ) _____

Қамқоршылар Кеңесінің мүшесі (АЖТ) _____



Тіркеуші органның атауы _____

**Заңды тұлғаны, бөлімшені (өкілеттікті) мемлекеттік
(есептік) тіркеу туралы
ӨТІНІШ**

1. Ұйым нұскасы (тиісті x торда көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____ 2) бөлімше _____

3) өкілеттік _____

2. Заңды тұлғаның, бөлімшесінің (өкілеттігінің) атауы _____

3. Заңды тұлғаның, бөлімшесінің (өкілеттігінің) құрамында шетелдік инвестордың қатысуы (тиісті x торда көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Заңды тұлғаның, бөлімшесінің (өкілеттігінің) орналасқан жері

Пошта индексі: _____ Облысы: _____

Қала, аудан, қаладағы аудан: _____

Елді мекен (ауыл, кент): _____

Көшесі, ықшамауданы, орамы, даңғылы: _____

Үй нөмірі _____, пәтері, бөлмесі: _____

Телефон нөмірі (факсы): _____

5. Басқарушысының А.Ж.Т. _____

ЖСН, (жоқ жағдайда салықтық тіркеу нөмірі немесе ел коды аналогын көрсетініз) _____

6. Құрылтайшылардың құрамы мен саны (тиісті x торда көрсетіңіз, санын сандық белгілерімен):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

Заңды тұлғаның атауы _____

БСН, салықтық тіркеу нөмірі немесе ел коды аналогы (шетелдік заңды тұлға үшін) _____

Жарғылық капиталдағы үлес % _____ Салым сомасы (мың. теңге) _____

Жеке тұлғаның А.Ж.Т. _____

ЖСН, салықтық тіркеу нөмірі немесе ел коды аналогы (шетелдік жеке тұлға үшін) _____

Жарғылық капиталдағы үлес % _____ Салым сомасы (мың. теңге) _____

Құрылтайшылардың саны бірден көп болған жағдайда олар туралы мәліметтер: өтінішке А.Ж.Т., ЖСН, салықтық тіркеу нөмірі немесе ел коды аналогы (жеке тұлға үшін), атауы, БСН, салықтық тіркеу нөмірі немесе ел коды аналогы (заңды тұлға үшін), олардың жарғылық капиталдарының үлестері пайыздық және ақшалық көрсетімде белгіленген бөлек парақта қосылады.

7. Экономикалық қызметінің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз _____

8. Жарғылық капиталдың мөлшері _____

9. Бөлімшесін (өкілеттігін) құрып жатқан заңды тұлғаның мәліметтері

Заңды тұлға (бейрезидент)

Атауы _____

БСН, (жоқ жағдайда салықтық тіркеу нөмірі немесе ел коды аналогы) _____

10. Жұмыс істейтін адамдардың күтілудегі (шамасынша) саны _____

11. Жеке кәсіпкерліктің субъектісі (тиісті x торда көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерліктің субъектісі _____
2) үлкен бизнестің субъектісі _____
12. Заңды тұлғаны құрудың алдын қайта ұйымдастыра алады (тиісті х торда көрсетіңіз)
1) қайта жасау _____ 2) қосылу _____
3) бөліп шығару _____ 4) бөлу _____
_____ 20 _____ ж. « _____ » _____
Өтінішке қосылады: _____

Өтініш берушінің А.Ж.Т. және қолы

Қосымша № 6



Үлгі ӨТІНІШ

Астана қ. « _____ » _____ 20 _____ ж.
Мен, А.Ж.Т., Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ (пошта индексі), ықшамаудан _____, үй _____, пәтер _____ мекен-жайда тұратын, (жеке куәлік № _____, « _____ » _____ ж., ҚР ИІМ берілген), осымен Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ (пошта индексі), ықшамаудан _____, үй _____, пәтер _____, орналасқан пәтерді (КЕҰ атауы) _____ орналасқан жері ретінде пайдалануға рұқсат беретінім туралы хабарлаймын. Пәтер _____ ж. _____ № _____ пәтер сату-сатып алу келісім негізінде менің меншігім болып табылады, және мына мекен-жайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, _____ қ., _____ (пошта индексі), ықшамаудан _____, үй _____, пәтер _____.
Қолы _____ А.Ж.Т. (пәтер иесі немесе ұйым директорының)

Қосымша:

_____ ж. _____ № пәтерін сату-сатып алу келісімінің ксерокөшірмесі
Пәтер иесінің жеке куәлік ксерокөшірмесі
Пәтер иесінің СТН ксерокөшірмесі

Ескерту

(1) Пәтер иесінің өтініші нотариалды куәландыруға жатады, немесе жалгерлік шарт көшірмесі, сату-сатып алу келісімі, ғимаратқа меншік құқығын тіркеу туралы куәлік немесе басқа азаматтық заңнамамен қарастырылған ғимаратқа берілген заңдықұжаттарының куәландырылған көшірмелері нотариалды заң тұлғасымен куәландырылады.

(2) Негізі салықтық органдар қосымша келесідей құжаттарды талап етеді:
- Жеке куәліктің ксерокөшірмесін, және пәтер иесінің СТН (ЖСН)

Қосымша № 7



Үлгі

БҰЙРЫҚ №

20__ ж. «__» _____ АЖТ (лауазымы атауы) ретінде тағайындалсын, және оған (ұйымның атауы) барлық төлем-қаржылық құжаттарына қойылатын бірінші (екінші) қол қою құқығы берілсін.

(АЖТ, басқарушының қолы)

Қосымша № 8

Қосымша 1

2000 жылдың 2 маусымындағы № 266
ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасындағы банктердің
клиенттерінің банктік есеп-шоттарын ашу,
жүргізу және жабу Ережелеріне

Қолдар үлгілері және мөрдiң баспа-таңбасы бар құжат

Банктің клиенті белгілері _____	Кодтары _____	Банктің _____
(толық атауы)		

Банк клиентінің орналасқан жері		

тел.		

Банк (бөлімшесі, банк бөлімі)		

(толық атауы)		

Банктің (бөлімшесінің, банк бөлімінің) орналасқан жері		

тел.		

Банктік есеп-шотының түрі _____		
Клиенттің жеке сәйкестендірілген коды _____		

Осы құжатта көрсетілген үлгілер,
клиенттің келісімін талап ететін
банктік есеп-шот бойынша барлық
операцияларды жүзеге асыру
кезінде міндетті деп саналсын

Лауазымы Үлгі	Тегі, аты, жөні	Қолы үлгісі
------------------	-----------------	-------------

Мөрдiң баспа-таңбасы

Бiрiншi қол

Екiншi қол

Екiншi бетi

Үлгілерді куәландырған ұйымның атауы	Үлгілерді куәландыруға өкілді етілген тұлғалардың тектері мен аты, жөндері	Үлгілерді куәландыру датасы	Үлгілерді куәландырған тұлғалардың қолдары мен мөрлері

(қолдары)
(мөр)

Қосымша № 9

(Үлгі)

Қоғамдық бірлестікті құрып жатқан бастамашы азаматтардың тізімі

қоғамдық бірлестіктің атауы

Облысы, Астана және Алматы қалалары

№ п/п	Аты, жөні, тегі	Туылған күні, айы мен жылы	Қазақстан Республикасының азаматы екенін куәландыратын құжат туралы мәліметтер, ЖСН	Тұратын жерінің мекен-жайы, телефондарының үй және қызмет нөмірлері	Жеке қолы
1	2	3	4	5	6

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ²

ҚР Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету жөніндегі Комитет: Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, үй № 8, ғаламтор-ресурсы: www.minjust.kz.

«Орталық» РМК: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Республика даңғылы, үй 43 А, телефон: 87172-94-99-95, ғаламтор-ресурсы: www.con.gov.kz.

Әділет департаменттерінің тізімі мен мекен-жайлары

№ п/п	Өкілетті органның атауы	Өкілетті органның орналасқан жерінің мекен-жайы	Бөлімнің телефон нөмірі	Басқарушының телефон нөмірі
1	2	3	4	5
1	Ақмола облысының әділет департаменті	Көкшетау қ., М. Горький к., 37	(87162)40-21-65	25-09-39 қабылдау бөлмесі
2	Ақтөбе облысының әділет департаменті	Ақтөбе қ., Абылхаирхан к., 51 «а»	(87132)56-30-16	55-09-59 қабылдау бөлмесі
3	Алматы облысының әділет департаменті	Талдықорған қ., Каблिस Жырау к., 69«а»	(87282) 24-43-47	21-08-15 қабылдау бөлмесі
4	Атырау облысының әділет департаменті	Атырау қ., Баймұханов к., 16 «а»	(87122)46-53-15 46-53-12	35-75-38 қабылдау бөлмесі
5	Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті	Өскемен қ., Ворошилов к., 6	(87232)55-59-26	22-19-83 қабылдау бөлмесі
6	Жамбыл облысының әділет департаменті	Тараз қ., Қойкелді к., 158 «а»	(87262) 43-67-17	43-05-05 қабылдау бөлмесі
7	Батыс Қазақстан облысының әділет департаменті	Орал қ., Достық д-лы, 208	(87112)50-82-91	51-80-43 қабылдау бөлмесі
8	Қарағанды облысының әділет департаменті	Қарағанды қ., Прогресс к., 1	(87212) 56-64-12	42-05-33 қабылдау бөлмесі
9	Қостанай облысының әділет департаменті	Қостанай қ., Таран к., 38	(87142)50-65-40	54-82-23 қабылдау бөлмесі
10	Қызылорда облысының әділет департаменті	Қызылорда қ., Айтеке би к., 29	(87242)23-03-57	26-24-03 қабылдау бөлмесі
11	Манғыстау облысының әділет департаменті	Ақтау қ., ықш-ауд. 12, 8	(87292) 50-32-20	42-05-70 қабылдау бөлмесі

³ 2009 жылдың 15 желтоқсанындағы № 2121 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу)» туралы мемлекеттік қызметі стандартына 1 және 2 қосымша.

12	Павлодар облысының әділет департаменті	Павлодар қ., Ленин к., 18	(87182)32-43-02	32-32-58 қабылдау бөлмесі
13	Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті	Петропавловск қ., Конституция к., 72	(87152)33-27-53	33-23-80 қабылдау бөлмесі
14	Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті	Шымкент қ., Желтоқсан к., 16	(87252)23-31-70	23-23-76 қабылдау бөлмесі
15	Алматы қаласының әділет департаменті	Алматы қ., Байзақов к., 287	(8727) 392-16-16	392-25-75 қабылдау бөлмесі
16	Астана қаласының әділет департаменті	Астана қ., Победа д-лы, 15	(87172)48-88-36	39-12-13 қабылдау бөлмесі

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізімі³

№ п/п	Орталықтардың (бөлімшелердің, бөлімдердің, филиалдардың) атаулары	Орналасқан жерінің мекен-жайы	Байланысу мәліметтері
1	2	3	4
«Қызылорда облысы бойынша ХҚКО» РМК бөлімшесі			
10.	«Қызылорда облысы бойынша ХҚКО» РМК бөлімшесі	Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Ғ.Мұратбаев к., 2Е	8(7242) 23-07-16
1)	№ 1 қалалық бөлім	Қызылорда қ., Тасбөгет пос., Амангелді к., н/с	8(7242)21-66-64
2)	№ 2 қалалық бөлім	Қызылорда қ., Жанқожа батыр к., 82	8(7242) 25-60-57
3)	№ 3 қалалық бөлім	Қызылорда қ., ықш. Шұғыла, 45	8(7242)24-86-11
4)	№ 4 қалалық бөлім	Қызылорда қ., ықш. Ақмешіт, 16	8 (7242) 22-48-27
5)	Байқоңыр қалалық бөлімі	Қызылорда облысы Байқоңыр қаласы, Максимов к., 17а	8(3362)27-54-81
6)	Арал аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Арал қ., Қарасақал к., н/с	8 (72433) 25-0-02
7)	Казалинск аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Казалинск, Жанқожа батыр к., н/с	8(72438)26-1-27
8)	Қармақшы аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Жосалы кенті, Абай к., н/с	8(72437)2-11-62
9)	Жалағаш аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Жалағаш кенті, Желтоқсан к., н/с	8(72431)32-3-03
10)	Сырдарья аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Теренөзек кенті, Амангелді к., № 55 «а»	8(72436) 2-29-00
11)	Шиелі аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Шиелі кенті, Рысқұлов к., б/н	8(72432)4-15-59
12)	Жаңақорған аудандық бөлімі	Қызылорда облысы Жаңақорған кенті, Сығанақ к., н/с	8(72435)21-4-51

³ 2009 жылдың 15 желтоқсанындағы № 2121 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың бөлімшелері мен өкілеттіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу)» туралы мемлекеттік қызметі стандартына 1 және 2 қосымша.

Подписано в печать 20.05.2014.
Формат 60x84¹/₁₆. Бумага офсетная. Гарнитура «Calibri».
Объем 1,75 печ. л. Тираж 100 экз. Заказ № 820.

Отпечатано в ТОО «Издательство LEM»
050008, г. Алматы, ул. Ауэзова, 82, уг. ул. Мынбаева, тел./факс 375-51-33.